

Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 шілдедегі N 718. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.07.31. N 765 қаулысымен.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206 -құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.
2. Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады деп белгіленсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 2 9 ш і л д е д е г і

N 7 1 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына , "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген осы Ереже жекеше нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде үшінші тұлғаларға зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелері бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандырудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес міндетті сақтандыруға жекеше нотариустың мынадай нотариаттық іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелері

бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады:

1) мәмілелерді куәландыру (жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелерді куәландыру бойынша);

2) мұралық мүлікті қорғау жөнінде шаралар қабылдау;

3) мұраға деген құқығы туралы куәлік беру;

4) ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар ерлі-зайыптылардың және өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске деген меншік құқығы туралы куәлік беру;

5) мүлікті иеліктен шығаруға тыйым салу және салынған тыйымды алып тастау;

6) депозитке ақша қабылдау;

7) атқарушылық жазба жасау;

8) құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау.

3. Жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекет жасаудың нәтижесінде зиян келтірудің салдарынан пайда болатын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру (бұдан әрі - сақтандыру) сақтанушы мен сақтандырушының арасында "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына және осы Ережеге сәйкес жасалатын сақтандыру шартының негізінде жүзеге асырылады.

4. Осы Ережеде мынадай анықтамалар қолданылады:

жекеше нотариус - нотариаттық қызметті жүзеге асыру құқығына заңда белгіленген тәртіппен лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы;

сақтандырушы - заңда белгіленген тәртіппен алынған лицензияның негізінде сақтандыру қызметін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым;

пайда алушы - нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін нотариусқа жүгінген және сақтандыру шарты бойынша тарап болып табылмайтын және зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жәбірленуші болып танылған адам;

нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезіндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік - жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы кезіндегі қасақана емес әрі әдейі жасалынбаған қателіктердің және кемшіліктердің салдарынан пайда алушыға келтірілген материалдық залалды өтеу жөніндегі заңмен белгіленген міндеті.

2. Жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен шарттары

5. Жекеше нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың шарты (бұдан әрі - сақтандыру шарты) сақтандырушы мен сақтанушы (жекеше нотариус) арасында мүддесіне нотариаттық іс-әрекеттер

жасау кезінде қолданылып жүрген заңдарда көзделген міндеттерді нотариустың қасақана емес бұзуымен немесе әдейі емес қателіктер мен оқшылықтар жіберуімен материалдық залал келтірілуі мүмкін пайда алушының пайдасына жасалған шарт болып табылады.

6. Сақтандыру шарты сақтандырушы бекіткен нысан бойынша сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде, тараптардың бір құжатты дайындауы жолымен жасалады және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін беруімен расталады.

Сақтандыру шартын сақтандырудың осы түрін жүргізуге лицензиясы бар сақтандырушы ғана жасай алады.

7. Сақтандыру шарты жыл сайын жасалады.

8. Жекеше нотариустың осы Ереженің 2-тармағында көзделген нотариаттық іс-әрекеттер жасауының нәтижесінде зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың аумағы болып Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы есептеледі.

9. Пайда алушының пайдасына жасалған сақтандыру шартының мазмұны сақтандыру заңдарының талаптарына сәйкес болуға тиіс.

10. Сақтандыру шарты сақтандыру төлемі түскен күннен бастап, ал бөліп төленген жағдайда сақтандырушының банктік шотына бірінші сақтандыру жарнасы түскен күннен бастап (қолма-қол ақша төлеген жағдайда - төлем кассаға түскен күннен бастап) күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

11. Сақтандыру шарты:

1) оның мерзімі өткен;

2) сот сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған;

3) сақтанушы немесе сақтандырушы сақтандыру шартын бұзған жағдайда олардың талап етуі бойынша;

4) егер шартта өзгеше көзделмесе, бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі төленген жағдайларда тоқтатылады.

Сақтандыру шарты тоқтатылған жағдайда жекеше нотариус өз қызметін жүзеге асыру үшін сақтандыру шартын қайта жасасуға міндетті.

12. Сақтандыру шартының күші мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда тараптар сақтандыру заңдарының талаптарын басшылыққа алады.

3. Сақтандыру жағдайларының түрлері

13. Жекеше нотариустың:

жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелерді куәландыру кезінде;
қорғауға алынған мұралық мүлікті тізімдеу акті жасаған кезде;
жалпы ортақ меншік құқығындағы мүлкі бар ерлі-зайыптылар мен өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлесіне меншік құқығы туралы куәліктерін ресімдеу кезінде;

нотариаттық іс-әрекет жасаудың нәтижесінде пайда алушыға келтірілген зиянның анықталған мөлшеріне қарай, сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру өтемін төлейді.

Сақтандыру өтемінің сомасы пайда алушының жағдайының тууы нәтижесінде пайда алушының шеккен нақты залалының мөлшерінен аспауға тиіс.

19. Сақтандыру өтемі пайда алушыға сақтандырушының жауапкершілік мөлшері белгіленген сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейінгі 10 банктік күннен кешіктірмей төленеді.

5. Сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту

20. Сақтандырушы "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығында көзделген негіздер бойынша сақтанушыға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

21. Егер сот сақтанушының сақтандыру тәуекелінің дәрежесін анықтау үшін елеулі мәні бар міндеттемелер туралы қасақана қате және жалған мәліметтер бергенін анықтаған, сондай-ақ сақтанушы залалдың келтірілуіне кінәлі адамнан тиісті өтем алған жағдайда сақтандыру төлемі төленбейді.

22. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда пайда алушыға тиесілі сақтандыру өтемі оның мұралық мүлкінің құрамына кірмейді.

23. Міндетті сақтандыру арқылы пайда алушының моральдық залал шегуіне және айырылып қалған пайдасына байланысты мүддесі өтелмейді.

24. Егер Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, сақтандыру шарттарында сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту үшін басқа да негіздер көзделуі мүмкін.

25. Сақтандыру өтемі төленгеннен кейін сақтандырушыға кері талап қою құқығы ауысады.

6. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

26. Сақтандырушы:

сақтандыру жағдайы туралы акт жасау кезінде қатысуға және оған қол қоюға;

әділет, тергеу органдарынан, нотариалдық палаталардан, сондай-ақ басқа да құзыретті органдардан сақтанушының кінәсі фактісі мен кінәсінің дәрежесіне байланысты мәліметтер сұратуға;

сақтанушы шарттық міндеттемелерін орындамаған немесе лайықты орындамаған жағдайда сақтандыру шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

27. Сақтандырушы:

сақтанушыға одан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға өтініш

алынғаннан және сақтандыру жарнасының төленгені расталғаннан кейін сақтанушыға сақтандыру полисін беруге;

сақтандыру жағдайының болғаны туралы хабар алғаннан кейін үш күн мерзім ішінде акт жасауға;

қажет болған жағдайда акт жасау кезінде себептерді, шығындардың мөлшерін және мүліктің құнын анықтау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;

сот шешімі күшіне енгеннен кейінгі он банктік күннен кешіктірмей пайдаланушыға сақтандыру төлемдерін төлеуді бастауға;

сақтанушы мен үшінші тұлғалардың өзара қарым-қатынасына байланысты барлық мәліметтерді құпияда ұстауға міндетті.

Міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да міндеттері мен құқықтары көзделуі мүмкін.

7. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

28. Сақтанушы :

сақтандырушыдан азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыру шартының қолданылу шарттары мен тәртібін түсіндіруін талап етуге;

сақтандырушы шарттық міндеттерін орындамаған немесе лайықты орындамаған жағдайда сақтандыру шартының күшін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

29. Сақтанушы :

- 1) сақтандыру жарнасын уақытылы төлеуге;
- 2) нотариаттық іс-әрекеттерді жасау кезінде заңдарды сақтауға;
- 3) сақтандыру жағдайының себептерін, барысы мен салдарын анықтау үшін барлық мүмкін және мақсатқа сай шараларды қабылдауға;
- 4) кідіріссіз (демалыс күндерін қоспағанда, өзіне сақтандыру жағдайының туындағаны белгілі болған күннен бастап 48 сағаттың ішінде) сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты оған қойылатын барлық талап-тілектері туралы хабарлауға;

Сақтандыру жағдайының пайда болғаны туралы хабарлау мүмкін болмаған жағдайда ақпарат беру сақтанушы мүшесі болып табылатын нотариалдық палатаға жүктеледі.

5) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы білуге мүмкіндік беретін өзінің қолы жеткен барлық ақпарат пен құжаттамаларды ұсынуға;

6) сақтандыру жағдайының пайда болғаны туралы нотариалдық палатаға және аумақтық әділет органына хабарлауға;

7) сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының пайда болу себептері

мен мән-жайын анықтау мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Сақтандыру шартында сақтандырушының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

8. Дауларды шешу

30. Шарт жөніндегі барлық даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК